



Ақмешіт

5 қыркүйек
сейсенбі
№70 (1977)
2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қазақтың ұлан-ғайыр жерінен ұлтарақтай жер табу қиын. Себебі қазір бәрінің иесі бар. Әсіресе ауылда егін егіп, мал бағып күн көрген қарапайым халық үшін қиын болып қалды. Бұрынғыдай кез келген жерден шөбін орып, суын ішуге болмайды. Бәрінің иесі бар. Бұл – ауылдағы ағайын үшін түйткілді мәселе.



“ЖЕР АМАНАТЫ”: аманатқа қаншалықты адалмыз?

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы қаңтар айында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында бос жатқан жайылым жерді қайтаруды және оларды ауыл тұрғындарына қолжетімді етуді тапсырған еді. Осыған орай «AMANAT» партиясының жанынан барлық өңірде «Жер аманаты» комиссиясы құрылды. Сонда комиссия не істейді, мақсаты қандай деген сұрақ бар. Бұл туралы «Жер аманаты» комиссиясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов бір сұхбатында комиссияның мақсат-міндеті туралы: «AMANAT» партиясы жанынан құрылған комиссияның саяси мүмкіндіктері жоғары. Көп ретте елімізде соттың, Жер комитетінің шешімі орындалмай жатыр. Заң орындалмаған жағдайда сырттан саяси күшпен әсер етпесе, жағдай шешілмейді. Елімізде бір қаланың бос жатқан барлық жерін әкімдермен ауыз жаласып заңдастырып алған олигархтар бар. Бос жерді не өзі пайдаланбайды, не өзгеге бермейді. Қаншама адамға зиян келтіріп отыр. Жер дауына байланысты сот шешім шығарады, Жер комитеті шешім шығарады, бірақ әкімдік орындамайды. Сот шешімі орындалмағаннан кейін халық митингіге шығады, бірақ бұдан мәселе шешілмейді. Тұйыққа тіреле береді. Сондықтан мәселені орталықтан бақылауға алып, саяси шешім жасап, бұл мәселені Парламентте көтеріп, Президент айтуы керек. Жерді мемлекет меншігіне қайтару – партияның шешімі емес, қоғамның сұранысы. Партия азаматтардың белсенділігі мен талапшылдығын дұрыс пайдаланса, халықтың күшіне сүйенсе, көп мәселе он шешімін табатыны анық, – дейді ол.

2 БЕТТЕ

БҰЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

ҚАЙ БАҒЫТТЫ ҰСТАНСАҚ ТА, ХАЛЫҚТЫ ҚАРЫЗДАН ҚҰТҚАРУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында халықтың қаржылық сауаттылығына, бюджет пен макроэкономикалық саясатқа ерекше назар аударды. «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы халықтың әлеуетін арттыру мәселесін көтерді. Түптеп келгенде Президенттің бұл бастамасының астарында халықты қарыздан құтқару керек деген ой жатқаны анық.



Президент макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жанартуымыз керектігін қаперге салды. Республика басшысы Жолдау барысында экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бергенін және оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық екенін атап өтті. Сондай-ақ қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керектігін баса айтты.

– Инвестицияның жетіспеуі экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе болып тұр. Инвестицияның тапшылығы болашақта тоқырауға әкеп соқтырады. Былтыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл

тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді, – деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кеткенін сынға алды. Осы жағдай қаржы жүйесіне төнетін сын-қатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырғанын мәлім етті.

2 БЕТТЕ

ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ!

Отан оттан да ыстық, туған тіл одан да ыстық!

Құдірет, қасиет, кие дегенді айтқан кезде ойыңа бірінші туған тілің оралады. Оның бояуы, нақышы, мәнері, өте бай сөздік қоры, мақал-мәтел, нақыл, өсиет, наным-тұйымдары қазақ тілінің өте бай, құнарлы, шұрайлы тіл екенін дәлелдеп тұр. Өз ойыңды төл тілінде мақалдап, маржан сөздермен әспеттеп, көркемдеп, бейнелеп жеткізу мүмкіндігі шексіз екенін сезіну қандай бақыт! Көзкіеің шексіз қазақтың дархан даласындай тіліміз де еркін самғауына, ой маржандарыңды төгіп-төгіп



теңіздей толқып жеткізуіңе жол ашады. Бұрынғы өткен бабалардан бізге мұрағатқа қалған шешендік сөздер, жыраулардың төкпе жыры, ұлт көсемдерінің, зиялы қауымның алтынның ұшқынындай жарқ еткен ой орамдары біздің рухани дүниеміздің баюына, кемелденуімізге көмектеседі. Бірақ сол асыл қазынаны менгеріп, өз керегімізге жарату үшін біздің орысша емес, қазақша ойлауымыз керек. Қалың қазақтың қасиеті туған тілінде.

4 БЕТТЕ

БАРЛЫҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН

Қызылордада оқушылардың артуына байланысты бірнеше мектептің жанынан қосымша ғимарат салынып жатқаны белгілі. Кеше облыс орталығындағы С.Толыбеков атындағы №3 ІГ-мектеп-лицейі мен Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің жанынан салынған қосымша ғимараттар пайдалануға берілді.

3 БЕТТЕ



АЙШЫҚТЫ ОРЫНДАР КӨБЕЙДІ

Жексенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралап, құрылыс жұмыстарының қарқынын саралады.



Ең алдымен облыс әкімі «Қорқыт ата» әуежайына барып, жаңа терминалдың құрылыс барысымен танысты. Бүгінде халыққа қызмет жасайтын әуежай терминалы халықаралық, заманауи тұрғыда қайта салынуда. Құрылыс жұмыстарын «Болат Өтемұратовтың қоры» қолға алған. Бұған дейін әуежай 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғанда 220 мың жолаушыны қабылдамақ. Мамандар жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін артатынын алға тартуда.

Одан бөлек жолаушылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнайы эскалатор мен лифт қарастырылған. Жолаушыларға жылдам әрі жайлы қызмет көрсету үшін өзін-өзі тіркеу бағандары мен жүктерді беру және өңдеу автоматтандырылады. Сондай-ақ 7500 шаршы метрді құрайтын терминалда телескопиялық трап екі қабатты болады. Бұл 2024 жылы ел игілігіне берілімек. Жалпы әуежай нысанының инфрақұрылымын дамытумен қатар айналасын абаттандыруға 5 млрд теңге бөлінген.

2 БЕТТЕ



«11 елді мекен газдандырылады»

3 БЕТТЕ



ЕЛ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

4 БЕТТЕ

ҚАЙ БАҒЫТТЫ ҰСТАНСАҚ ТА, ХАЛЫҚТЫ ҚАРЫЗДАН ҚҰТҚАРУ КЕРЕК

Қазақстан халқының банктер алдындағы берешегі жыл санап, тіпті күн санап артып отыр десек те болады. Сіз бен біз секілді бір айлыққа күні қарап отырған жандардың барлық қарызын қосқанда триллиондаған сома шығады. Көпшілік баспана алса да, баласын үйлендірсе де, тіпті үйіне бір мүлік алса да банктің көмегіне жүгінетін болды. Президент осы нәрсені мензеп отыр.

Шыңтауында, ел халқы банктерге қанша қарыз? Оның ішінде біз тұратын Қызылорда жұрты ше? Қолда бар деректерге жүгінсек, банктердің экономиканы кредиттеу көлемі бойынша қарыз 2021 жылдың 1 желтоқсан деңгейіне 17838,2 млрд теңгені құраған. Оның ішінде заңды тұлғаларға берілген несиенің көлемі 7497,1 млрд теңге болса, жеке тұлғалар 10 341,1 млрд теңге көлемінде несиені алған. Тарқатып айтқанда, халықтың несиесі 10 трлн 341 млрд 100 млн теңге болып тұр. Бұл – 2021 жылдың соңындағы көрсеткіш. Арада екі жылғы жұмыс уақыт өткенін ескерсек, халықтың банктер алдындағы берешегі бұдан да көп.

Біздің қолымызда 2021 жылдың желтоқсанындағы мәлімет бойынша Сыр өңіріндегі халықтың банктер алдындағы берешегі туралы да дерек бар. Қызылорда облысы бойынша 2021 жылдың 1 желтоқсан деңгейіне банктердің экономиканы несиелеу көлемі бойынша қарыз 362,5 млрд теңгені құраған. Оның ішінде жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемі 36,%-ға артып, 304,6 млрд теңгені құрап отыр. Ал заңды тұлғалардың несиелері 9,4%-ға азайып, 58,3 млрд теңгеге жеткен. Жеке тұлғаларға берілген несиенің саны бізге, яғни жеке тұлғаларға берілген несиенің көлемі 304,6 млрд теңгені құрап отыр. Бұл дегеніңіз 304 млрд 600 млн теңге. 2021 жылдың соңындағы мәлімет осы деректерді алға тартып отыр. Ал енді биылғы дерекке ден қояйық. Бірінші несиенің бюросының 2023 жылғы қантардағы мәліметі бойынша, Қазақстанда кепілсіз тұтынушылық несиенің портфелі 28,3%-ға артқан. Президенттің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешімі мен жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселесін біршама реттегені белгілі. Бірақ ақуалды біржола түзеу үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау керек. Ең алдымен халықтың қаржылық сауатын арттыру да маңызды.

– Бұл ретте «Аманат» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өту керек. Соның арқасында еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі – 10 және одан да көп несиені алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл

Басы 1-бетте

еліміз көруі керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы атап өткен «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша біздің газетке «Аманат» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева: «Мемлекет басшысы «Аманат» партиясының биыл жүзеге асыра бастаған «Қарызсыз қоғам» жобасына тоқталып, оның тиімділігін ерекше атап өтті. Алдағы кезеңдерде Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, «Қарызсыз қоғам» жобасының



ауқымын кеңейтуді тапсырды», – деп пікір білдірген еді.

Бұл жобаның негізгі мақсаты – қарапайым халықтың қаржылық сауатын арттыру. Жобаға қатысушылар өз қаражатын тиімді басқаруды, шығындарын оңтайландыруды әрі несиелік қарыздарды азайтуды қандай жолдары барын үйренеді. Шынында, халыққа керек-ақ бастама екен. Қазірдің өзінде Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау сынды еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам азамат жоба қатысушысы болып үлгерді.

Президент корпоративті салаға берілетін несиенің жеткіліксіздік мәселесін шешу керектігін де қаперге салды. Жолдауда экономикаға ақша керектігін, банктердің өткен жылғы таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтағанын, ал осы жылдың бірінші жартысында – бір триллион теңгеден асып кеткенін атап өтті. Қазақстан Президенті банктер тиімді жұмыс істегенін арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелгенін жасырмады.

– Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алудан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда

қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ. Үкімет ешбір ақылға сыймайтын осы мәселені анықтап жатыр. Соған сәйкес заңдарға түзетулер әзірленіп, Мәжіліске енгізіледі. Депутаттардың оны мұқият қарауын сұраймын. Сонымен бірге банктерді корпоративті несиені беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру керек. Банк қызметінің басқа түрлеріне қарағанда бизнеске несиені беру ісі банктерге пруденциалды және фискалды реттеу тұрғысынан анағұрлым тиімді болуы

керек. Мұның оңай еместігін, күрделі мәселе екенін түсінемін. Үкіметке және қаржы саласын реттейтін мекемелерге бір жылдың ішінде осы маңызды мәселеге қатысты өздерінің кесімді байламын айтуды тапсырамын, – деді Республика Президенті.

Жолдауда айтылған деректерге сүйенсек, банктерде «қозғалыссыз жатқан» 2,3 триллион теңгелік активтері бар екен. Осы деректі негізге алған Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық айналымға қосу үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін қаперге салды. Бұл ретте осы активтерді иеленуге ниет танытқан бизнес өкілдерінің оны алып, экономикаға қайтаруына мүмкіндік беретін ашық цифрлы платформа құруды тапсырды.

Мемлекет басшысы «Ұзақ мерзімге арналған қаражат» нақты секторға барынша қолжетімді болу үшін бірлескен және синдикалданған несиені беру тәсілін кеңінен қолдану керектігін де тапсырды. Сондай-ақ өнеркәсіп өкілдері мен кәсіпкерлер несиенің бәрін жұтып қоймауы қажеттігін, олар экономикамызды іс жүзінде әртарапандыруды қамтамасыз ететін сапалы жобалар ұсынуға тиістігін баса айтты.

Қазір елімізде 21 банк бар. Бірақ корпоративті секторға несиені берумен, яғни экономикалық жобаларды қаржыландырумен бірнеше ірі банк қана айналысады. Дегенмен мемлекет банктерге қолдау көрсетіп келеді. Осы ретте «қолдау банкке керек пе,

әлде халыққа керек пе?» деген сауал туындайды. Нақты қандай банктерге көмек көрсетілгенін осы жылдың 26 сәуіріндегі Парламент Мәжілісінің жалпы отырысынан кейін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мадина Әбілқасымова баян еткен болатын.

Агенттік төрағасының айтуынша, банктерді қаржылай қолдау бағдарламасы 2017 жылы бекітілген.

– Қазір қаржылық тұрақтылық бағдарламасына қатысқан алты банк бар. Бұл бағдарламаны 2017 жылы

айтылатынын да жасырмады. Несін жасырамыз, сарапшылар ұлттық қордың жинақтау және дамыту рөлінің арақатынасы жөнінде дауласып жатады. Өрине, қаржыны жинақтап, сақтау негізгі міндет болуға тиіс. Ұлттық қордың қаражаты күтпеген сын-қатерлерге тап болған жағдайда қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге едәуір кепілдік беретінін де ұмытпауымыз керек. «Дегенмен Қордағы қаражаттың белгілі бір бөлігін Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Тіпті қазірден бастап соған жұмсау керек», – деген Президент Ұлттық қор әлден-ақ бірқатар ірі жобаны қаржыландырып жатқанын атап өтті.

Ал бұған республика жұрты не дейді? Қарапайым халық мемлекет Ұлттық қор қаржысымен есептесе де жұрттың несиесін толық жауып берсе деген ойды алға тартады. Несиеге әбден батқан, тығырыққа тірелген кез келген адамнан сұраса да осы ойда болары анық. Мұны жасырып қайтесіз? Бірақ неше жылғы жиганымыз қарызды төлеуге жете ме? Міне, мәселе қайда жатыр? Халықтың қаржысынан бөлек мемлекеттің қаржысы аз емес. Бүгінде киетін киімі мен тұтынатын азық-түліктің өзін банк арқылы (каспид ред) алатын тұрғындар қарызға әбден батты десек те болады. Айлығы шайлығына жетпейтін, оның үстіне жұмыссыз да аз емес қарапайым жұрт қаржының тапшылығынан амалсыз банкке жүгінеді. Халықты мұндай күйден кім құтқарары белгісіз. Тек өйту керек, бұйту керек деп, көлгірсіп ақыл айтатындар азаймай тұр. Біз несиені жайып сөз етіп, тұрғындарды өңімізге тартқан едік...

– Қазір қымбатшылық белең алды. Базарға барсаң бір апталық азық-түліктің өзін алу үшін 50-60 мың теңге кетеді. Одан бөлек несиенің бар. Бір айда аздап, үнемдеп тұтындык дегеннің өзінде азық-түлікке кететін қаржы 300 мыңнан асып тұр. Шынын айтқанда, несиені несиені алып жабатын болдық қой, деді – Ләйлі Жұмабекова есімді қала тұрғыны.

Азамат Тұрсынбаев есімді азамат: «Менің өзім айына 200 мың теңге несиені төлеймін. Айлығымды аламын да бәлкі беремін. Отбасымызды асырау үшін нағертен жұмысқа дейін және кешкісін жұмыстан соң таксист боламын. Өйтпесе жетпейді. Үйдегі бала-шағаға тамақ керек, киім керек дегендей. Азық-түліктің бағасын айтпағанның өзінде құрылыс заттары да қымбат. Бұл аздай жанармайдың да бағасы өсіп жатыр. Арты жақсы болса жарар еді, – деп табысы несиенен артылатынын айтты.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта келе, қай бағытты ұстансақ та халықты қарыздан құтқару керек дегенді жеткізгіміз келеді. Ал оған экономикалық бағдары айқын Қазақстанның әлеуеті әбден жетеді.

Әзіз ЖҰМАДИЛДӨУЛЫ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Қыркүйектің 1 жұлдызында сегізінші шақырылымның бірлескен палатасының II сессиясы өтті. Сессияны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ашып, Қазақстан халқына кезекті Жолдаудың жолдады. Республика көлеміндегі атқарылып жатқан жұмыстардың оң динамикасы барын атай отырып, алдымызда тұрған міндеттер мен мақсаттарға тоқталды. Жолдау барысында Мемлекет басшысы халықтың көкейінде жүрген бірқатар маңызды мәселелерді атап өтті. Соның ішінде Сыр халқы үшін маңызды, әрі жағымды болды деп есептеймін. Негізгі тіршіліктің көзі су болып табылатыны белгілі. Мемлекет басшысы «Судың да сұрауы бар» демекші суды барынша үнемдеуіміз керек. Оны үнемдеп пайдаланбаға тез таусылатын шектеулі ресурс екенін атап өтті. Суызы шаруалардың күні қараң. Сол себепті су саласында заңсыздыққа жол берілмейтінін және талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылатынын ескертті.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2040 жылдары Қазақстандықтар үшін 12-14 млрд текше метрге дейін су жетіспеушілігі орын алу ықтималдығын айта келіп, пайдаланып отырған өндеріміздің 60 пайызынан астамы трансшекаралық өзен екенін, сондықтан су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту кезек күттірмейтін мәселе екенін жеткізе келе су ресурстары және ирригация министрлігі ашылатындығын хабарлап өтті. Тиісінше, министрлік ашылды. Үкіметке су саласы стратегиялық маңызы бар сала екенін нықтай отырып, алдымызда қойылған 15 су қоймасын қайтадан жөндеуден өткізу, 2,5 мың шақырым су жолдарын тазалау, су үнемдейтін техникаларды, кадрлық мәселені шешуді қатаң тапсырды. Сондықтан Жолдаудағы Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Су шаруашылығы және ирригация министрінің құру жөніндегі қабылдаған шешімі Сыр халқының жүрегінен ойып орын алды деп есептеймін. Соның ішінде республика бойынша 15 дана су қоймасын қайтадан келтіру қажет болатын болса, соның біздің аймақта Қараөзек көлдері жүйесіндегі су қоймасын қалпына келтіру, 856 шақырым құрайтын 26 каналдарының жүйесін тазалау қарастырылды. Бұл деген сөз Сыр елінің ауыл шаруашылығына, балық шаруашылығына және экологияға зор үлес қосатыны анық.

Жорабек НУРЫМБЕТОВ,
«Қызылорда Сушар» өндірістік уәкесінің бастығы

КӨЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ МАҢЫЗДЫ

Еліміздің ішкі байланысын жақсарту үшін көлік инфрақұрылымының дамуы маңызды деп есептеймін. Көлік саласының алдындағы нақты міндет – көлік инфрақұрылымы мен қызметін сапалы дамыту, оның үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасау. Жолашылар тасымалының сапасын арттыру – басты міндет. Көлік жүйесінің дамуы Қазақстан үшін маңызды. Көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытуға қойылатын жаңа талаптар қажет. Президент бастамасын, министрліктің қайта жандануын қолдаймын.

Мақсат ЖҮСІП
«Қызылорда» автобус паркі» ЖШС басшысы

Облыс әкімі өңірдің негізгі әуе қақпасының заманауи сипатқа ие болуы қажеттігін айтқан. Осыған сәйкес әуежай басшысына қор өкілдерімен бірлесіп, терминал құрылысына қажетті жұмысты үйлестіріп, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Мұнан соң аймақ басшысы «Қызылорда су торабындағы» жөндеу жұмыстарына барды. Ондағы апатты жағдайда тұрған су торабына 2020 жылдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жөндеу жұмыстарын мердігер мекеме «Caspran Contractors Trust» ЖШС атқаруда. Бұл жұмыстар желтоқсан айына

Басы 1-бетте

АЙШЫҚТЫ ОРЫНДАР КӨБЕЙДІ

дейін аяқталмақ. Қазір бөгетте 16 метрлік бес аралық бар, олар қақпалармен және апаттық-жөндеу шандорларымен жабылған.

Аймақ басшысы Бейбарыс сұлтан көшесінің абағандыру жұмыстарымен де танысты.

Жол инфрақұрылымын дамыту үшін жасалған абағандыру жұмыстары аяқталып, ел игілігіне берілді. Бүгінде көше кеңейіп, алты жолақты болды. Оның айналасына орындық, автогүрәк, жарық шамдар қана қоймай субұрқак та орнатқан. Бұл тұрғындар

үшін серуендеуге арналған демалыс орнына айналды.

Облыс әкімі Бейбарыс сұлтан көшесіндегі «Неке» сарайының құрылысымен танысты. «Неке» сарайы бұл шаңырақ көтеруге ниет еткен жас жұбайлардың некесін салтанатты түрде киюға, отбасы институтын қалыптастыруға, ұлттық тәрбиені дәріндеуге және ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында салынууда. Одан бөлек онда түрлі мәдени іс шаралар өткізіледі деп жоспарлануда.

Жалпы аумағы 2 мың шаршы метрді құрайтын ғимараттың құрылысы бытыр қыркүйекте басталған. Бүгінде оның құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын.

Аймақ басшысы «Анаға тағзым» орталығының құрылыс жұмыстарына тоқталды. Бұл нысан жұрда халық игілігіне табысталамақ. Жалпы құны 1,5 млрд теңгені құрайтын орталық заманауи үлгіде жасалған. Ол жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріндеп, әдет-ғұрып,

салт-дәстүрлерді жаңғыртуға мүмкіндік береді. Одан бөлек қыз-келиндерге арналған арнайы бөлмелер, тұрмысқа және қомақ күтуге баулу, аруларға жан-жақты психологиялық көмек беру кабинеті болады. Ал шығармашылық пен өнер адамдары үшін әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы және жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері қарастырылған.

НА.ЛҒЫН



СҰХБАТ



Ауыз су, газдандыру, электр желілері ахуалы – халықтың жайлы өмір сүруінің бірден-бір кепілі. Бүгінде аймақтағы мемлекеттік бағдарлама мен арнайы жобалардың басым дені де осы бағытқа бұрылған. Ал нәтиже қандай? Әлеуметтік мәселелер қашан толық шешім табады? Аталған сауал көптеген қызылордалықты ойландырады сөзсіз. Осы орайда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы **Болатбек Ысмағұловпен сұхбаттасып, саладағы жаңалықты білдік.**

Болатбек ЫСМАҒҰЛОВ,
облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы:

«11 елді мекен газдандырылады»

– Болатбек Әбулхайырұлы, алғашқы сауалды ілкімді істен бастасак. Соңғы жылдары аймақты газдандыру жүйелі жүрді. Бұл бағытта биыл қандай өзгеріс болмақ?

– Әрине, ел ахуалын саралау қашанда қаперде. Соның ішінде әлеуметтік қажеттіліктің біріне айналған газдандыру ісі жүйелі жүргізілуде. Сөзіміздің дәлелі ретінде статистика мәліметін ұсынғым келеді. Мысалы, өткен жылдың қорытындысы бойынша, облыстың газдандыру деңгейі 70%-ды құрады. Оның ішінде Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалалары мен 22 ауылдық елді мекен бар. Ал жыл басынан бері Қызылорда қаласына қарасты Махамбетов, Наурыз ауылдары мен Жаңақорған ауданындағы Бірлік, Қыраш елді мекендері табиғи газға қосылды. Жыл соңына дейін тағы 11 елді мекенді газдандыру жоспарда бар. Жоба жүзеге асса, 40 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың игілігін көретін болады.

Қуанышымыз, биыл облыстық және республикалық бюджеттен 26 газбен жабдықтау жобаларын жүзеге асыруға қаржы бөлінді. Сонымен қатар өткен жылы 14 жобаны жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, игерілді.

7 жоба толық аяқталды. Олардың қатарында Шиелі ауданы Алғабас, Ақмая ауылы, Қазалы қаласы, Пірімов, Басықара, Жалантөс ауылы, Теренөзек кентінде «Ақ дақтар» («Белая пятна») жобасы бар. Бұдан өзге тағы 7 жоба жүзеге аспақ. Қармақшы ауданы Төретам кенті, Ақай, Сексеуіл 2 жоба, Жаңақорған Бірлік ауылы, Шоқай АГРС, Қызылорда қаласына қарасты Наурыз және Махамбетов ауылында газдандыру

жалғасады.

2023 жылдың соңына дейін облыстың газдандыру деңгейін 75%-ға жеткізу жоспарлануда.

– Ауыз сумен қамту бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

– Облыс бойынша 230 ауылдық елді мекеннің 198-і орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Мемлекет басшысы 2021 жылғы Жолдауында Үкіметке алдағы бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Осыған байланысты, 32 елді мекендегі халықты 100 пайыз ауыз сумен қамту бойынша кезеңдік жоспар жасалып, жұмыстар жүргізілуде.

2022 жылы облыстық ауыз су және көріз жүйелерін жаңғырту және құрылысын жүргізуге «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде 11 жоба жүзеге асты. Сондай-ақ биыл 23 жобаға қаржы бөлінді.

Қазіргі таңда жаңа жобалар бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс жүйелі жүрсе, 83,7 шақырым ауызсу, 6,9 шақырым көріз жүйелері мен 12 дана КНС жанырғы, 7 ұңғымға пайдалануға берілетін болады.

– Жасыратыны жоқ, жайсыз ауа райы болса, электр жарығынсыз қалатын аудандар мен қалалар әлі де бар. Негізгі себеп – желілердің тозуы. Электр желілерін жаңарту жұмысы қаншалықты табысты жүрді? Олқылықты инвестиция арқылы немесе бюджет есебінен шешу көзделген бе?

– Бұл мәселе көптеген жыл бойы толық шешім таппай келеді. Бүгінгі ахуал, расында, алаңдатарлық. Облыс бойынша 10 мың

шақырымнан астам электр желісі мен 2 мыңға жуық трансформаторлық станциясы бар екені белгілі. Солардың 70 процентінің тозығы жеткен. Қазіргі таңда қаржы мүмкіндігі аясында жағдайды оңалтуға жұмыс жүргізілуде.

Атап айтатын болсам, бірінші кезекте жаңғыртуды қажет ететін нысандар тізімі әзірленіп, облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге бөлінді. 35 дана қосалқы станциялар жаңғыртылды, 27 қосалқы станцияға күрделі жөндеу жұмыстары және 32 шақырым 10/0,4 кВ электр желілерін ауыстыру жұмыстары аяқталды.

Жалпы электр жүйесін жаңғырту ісі кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда.

соңды болмаған заманауи үлгідегі жылу-электр орталығын салу туралы ұсыныс айтқан болатын. Өткен жылы осыған байланысты «Акса Энерджи» түрік компаниясымен жана жылу-электр орталығын салу туралы келісімге қол жетті. Тіпті «Акса Энерджи Уретим Аноним Ширкеті» компаниясының Қызылорда қаласында филиалы ашылды. Бас жобалаушы ретінде швейцариялық «AFRY» компаниясы таңдалды.

Халық көкейінде «Жоба қандай нәтиже береді?» деген заңды сауал туындайтыны анық. Бұл жылу-электр орталығы бой көтерсе, 240 МВт электр энергиясын және 277 Гкал жылу

– Жылу сапасы – ең өзекті мәселе. Байқасақ, аймақтағы жылу құбырларының тозығы жеткен. Бұл бізде ғана емес, республика көлемінде орын алатын шикілік. Оны Екібастұздағы төтенше жағдайдан-ақ аңғаруға болатындай. Жалпы облыста жылу желілерінің тозу деңгейін төмендету үшін қандай жобалар қолға алынады?

– Жауапты деректен бастайын. Бүгінде облыстағы жылу құбырларының 47,5 проценті тозған. Өзіңіз атап өткендей, бұл – республика көлемінде орын алған кемшілік. Әр өңір өз мүмкіндігіне қарай аталған мәселені шешуге кіріскен. Биыл біздің облыс желілердің тозу



– Аймақ басшысының бастамасымен заманауи үлгідегі электр станциясын салу қолға алынғанын білеміз. Бұл жоба қалай жүрді? Станция жұмысын бастаса, қандай тиімді тұсы болмақ?

– Бүгінге дейін қызылордалықтар электр энергиясы мәселесіне алаңдап келді. Себебі қаладағы электр-жылу орталығы 50-60 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасағандықтан, электр желілерінің де обден тозығы жеткен. Бұл сөзсіз электр жүктемесіне салмақ салады. Осыған байланысты аймақ басшысы Сыр елінде бұрын-

энергиясын шығаратын болады. Нәтижесінде аймақ электр энергиясына тәуелділіктен арлып, өңірдің энергия қауіпсіздігі сақталатын болады.

Ендігі мақсат – жылу-электр орталығының сапа деңгейін түсірмеу. Жобаға озық технологияларды қолдану мақсатында америкалық General Electric, Siemens-кейлі ірі өндірісі неміс компаниясы келіссөздер жүргізіп, келісім шарттар жасалды. Қазір жылу-электр орталығы салынатын жерін тазарту, тегістеу, инженерлік-геодезиялық жұмыстар жүргізілуде. Жоспарға сәйкес, нысан 2025 жылы ел игілігіне берілмек.

деңгейін азайту мақсатында 8 жоба бойынша жұмыс істеуде. Қазіргі таңда тиісті қаржы бөлініп, жылу желілері жаңғыртылуда. Нәтижесінде жылу желілерінің тозуы 44,6 пайызға төмендейді деген жоспар бар.

– Аймақтағы жылу қазандықтарын газға ауыстыру қалай жүрді?

– Шығын көлемін азайту мақсатында қазандықтарды газ отынына ауыстыру ұтымды әдіс екені анық. Осы орайда биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттен 20 жобаға қаржы қаралды. Нәтижесінде 12 білім беру, 5 денсаулық сақтау, 3 мәдениет және спорт нысандардағы жылу қазандықтары газ отынына ауыстырылды.

– Саладағы маман тапшылығын шешу үшін қандай шаралар қолданылуда?

– Аталған мәселе көптеген факторға байланысты туындайды. Алдымен жалақы, жұмысшылар жағдайын жасау секілді келесіздікті шешу қажет. Жуырда Мемлекет басшысы «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер енгізу туралы» Заңға қол қойды. Онда бірқатар өзгеріс шеті көрінді. Заңнамаға сәйкес, энергетика кәсіпорындарының еңбекақы төлеу қоры тарифтік сметамен шектелген. Биыл бекітілген тарифтік смета орташа жалақы шегінде 90 мың теңгеден 170 мың теңгеге дейін өсті. Десе де, бұл аз. Алдағы уақытта да маман тапшылығын болдырмау мақсатында тиісті жұмыстар жасалатын болады.

– Өңімізге рақмет!
Сұхбаттасқан Еркін ШАМШАДИН

“ЖЕР АМАНАТЫ”: аманатқа қаншалықты адалмыз?

Комиссия Президент тапсырмасын қалай орындауда? Сыр өңірінде комиссия ықпалымен қанша жер қайтарылды? Көп көкейіндегі сұрақтар бойынша «AMANAT» партиясының Қызылорда облыстық филиалына хабарласқан едік. Партия берген мәлімет бойынша, «Жер аманаты» комиссиясы жыл соңына дейін облыс бойынша 200 мың гектар пайдаланылмай жатқан бос алқапты қайтаруды жоспарлап отыр.



Жыл басынан бері «Жер аманаты» аймақтық комиссиясы Қызылорда облысында 137,8 мың гектар жайылымдық жерді мемлекет меншігіне қайтарды (Арал ауданы – 18933 га, Қазалы ауданы – 31489 га, Қармақшы ауданы – 20880 га, Жалағаш ауданы – 14573 га, Сырдария ауданы – 29411,3 га, Шиелі ауданы – 14345,5 га, Жаңақорған ауданы – 6190 га, Қызылорда қаласы – 2029,5 га). Оның 118,4 мың гектары жайылымдық жерлер, 1,1 мың га егістік жерлер, 18,3 мың га басқа алқаптар.

Жыл соңына дейін 62,2 мың гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарлануда.

2022 жылы 150 мың гектар жерді қайтару жоспарланып, жыл соңына нақты 157,9 мың га қайтарылды. Қайтарылған жердің 19,8 мың га ауыл шаруашылығы айналымына қайта алынды (шаруашылық жүргізу мақсатында берілді), 19,2 мың га биылғы жыл соңына дейін конкурста шығару жоспарланған, 18,9 мың га елді мекеннің жайылымы үшін бекітіп берілуде, қалған 100 мың га арнайы жер қорына өткен.

Басы 1-бетте

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

БАРЛЫҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН

Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, жиналған жұртшылықты құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты дәстүрлі Жолдауында адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасатынын айтты. Ол үшін жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек. Балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру – ортақ міндет, маңызды бағыттарымыздың бірі. Кейінгі жылдары оқушы санының артуына байланысты бірнеше білім ошағы қосымша құрылысты қажет етті. Өздеріңіз білетіндей, орталықта жаңа мектеп салуға ыңғайлы жер жоқ. Жаңадан ашылған жерге салынған мектепке қатынау қиын. Әсіресе қыстың қысқа күндері ата-аналар балаларына алаңдайды. Тағы бір айтарлығы, қосымша ғимарат бюджетке аса ауыр салмақ салмайды, жаңа мектепке қарағанда арзан. Ең маңыздысы – балаларымыздың қауіпсіздігі, олар үйіне жақын, үйренген мектебінде оқиды. Үш ауысымдық мектептер ауласына

Басы 1-бетте



қосымша ғимарат салу барлық жағынан да тиімді болғандықтан, осы шешімге тоқталдық, – деді аймақ басшысы.

С.Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейінің ауласындағы 375 орындық ғимаратта бастауыш сыныптар оқиды. Ал Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің қосымша ғимараты 550 орынға арналған.

Жаңа ғимараттарда оқу кабинеттері, шығармашылық бөлмелер талапқа сай жабдықталған. Оқушыларға ыңғайлы

болуы үшін оқу құралдарын сақтауға, шығармашылық дамуы мен демалуына барлық жағдай қарастырылған. Бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да қауіпсіздік жабдықтары орнатылған.

Білім күні қарсаңында қалалық №101 мектеп-лицей және Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің жанынан салынған осындай оқу ғимараттары пайдалануға берілген

еді. Осылайша облыс орталығындағы 4 мектептің 1 850 балаға арналған қосымша ғимараттары жаңа оқу жылында балаларды қабылдады.

Айта кетейік, Сыр өңірінде заманауи жаңа білім ошақтары бой көтеріп, жас ұрпақтың сапалы білім, саналы жұмыс алуына баса мән берілген. Аймақта 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту үлесі 100 пайызға, ал 2-6 жастағылардың қамтылуы 88,9 пайызға жетті. Мемлекет пен жекеменшік әріптестіктің ынтымақтастық аясы кеңейіп келеді. Бүгінде облыстағы 613 балабақшаның 453-і немесе 73%-ы жеке сектордың үлесінде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде 100 млрд теңгеге жуық қаражатқа 21 заманауи мектеп салынады. Биыл 10 мектептің іргетасы қаланады. Қаланың сол жағалауында «ҚазГЕРМунай» компаниясының қаржы-лал қолдауымен 350 орындық заманауи оқушылар сарайы салынады. Бұл қосымша білім беру ордасында озық ойлы, өнерге құштар, спортқа бейім дарынды балалар тәрбиеленбек.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУДА

Өткен аптада «AMANAT» партиясының Қызылорда қалалық филиалында депутаттық фракцияның жетекшісі Әбдіғабит Әбдіәзім партияның сайлауалды бағдарламасы бойынша алдағы жоспар мен өзекті мәселені айтты.

Фракция жетекшісі қалалық мәслихаттың депутаты болып сайланғалы Бәйтерек шағын ауданы мен Қызылжарма ауылдық округіндегі өзекті мәселелердің шешімін табуына ықпал етіп келеді.

Мәселен, Бәйтерек шағын ауданының өзекті дәрігерлік амбулатория ғимараты салынып, балалар ойын алаңын жаңғыртып, жаңа мектептің айналасы көгалдандырылды. Одан бөлек шипажай салу және көшені жарықтандыру жұмыстары жүргізілген.

Биыл Бәйтерек шағын ауданындағы 7 көшеге асфальт төселген. Оның ұзындығы 11,8 шақырымды құрайды. Одан бөлек Қызылжарма су арнасының жиегінде орналасқан көшенің жолы жөнделді.

Жоспар бойынша алдағы жылы Бәйтерек шағын ауданындағы 1-ші кіре берісіндегі нөмірі 9, 14, 29, 31, 36, 46 тұйық пен Бәйтерек көшесінің 8/а, 25, 32, 34, 43, 47,

59, 61, және Байтерек 4-ші 31,61,79 көшелеріне қосымша қиыршық тас төсеу жоспарланған. Осы көшелерге жол құрылысын салу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, ұсыныс берілген.

Одан бөлек шағын аудандағы 2-ші кіре беріс жолға, яғни мектеп орналасқан көшеге жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы қаралған. Сондай-ақ Бәйтеректегі Қызылжарма арнасы арқылы өтетін Достық көшесінен жанадан салынып жатқан көпірге дейін жол жөндеу жұмыстары қаралуда.

Аталған Қызылжарма арнасы арқылы Достық көшесінен өтетін аспалы көпірдің бүгінде құрылысы жалғасуда. Жуырда оны ел игілігіне бермек.

Сондай-ақ шағын аудандағы 33-ші көшенің аяғына Қызылжарма арнасы арқылы өтетін жаяу жүргіншілер

көпірін салу көзделіп отыр. Негізі бұл тұстан көпір салу қарастырылмаған. Алайда тұрғындардың сұранысы бойынша бүгінде жоспарға сәйкес «Қызылжарма» арнасы арқылы өтетін автомобиль көпірінің қосымша құрылысын салуға ұсыныс қаралған. Қазіргі таңда жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сатып алу байқауы жүргізілуде.

Биыл төселген жолдың 17 көшесіне жарық бағаналарын орнату жұмыстары келер жылға жоспарланған. Сонымен қатар шағын аудандағы 2-ші кіреберісте орналасқан мектептің көшесіне де жарық бағаналарын орнату жұмыстары қарастырылған. Қазір жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы бөлуге ұсыныс берілген.

Қазіргі таңда «800 бас» ауданда орналасқан үйлерде электр жүйесі, ауыз су, газ жеткізу мәселесі қаралуда. Сонымен қатар Бәйтерек 1,3,4 көшелеріне балаларға ойын алаңын салу жоспарлануда.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

